



Бекітемін  
«Ақбота» мектепке дейінгі ұйымының  
менгерушісі: *Г.С. Есмаганбетова* Г.С. Есмаганбетова

Келісемін  
«Ақбота» мектепке дейінгі ұйымының  
әдіскері: *Жәрібай Г.М.* Жәрібай Г.М

**«Ақбота» мектепке дейінгі ұйымы**  
**«Балдәурен» ортаңғы тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің**  
**жылдық перспективалық жоспары**

**Құмқұдық ауылы**  
**2021-2022 оқу жылы**

**Ортаңғы тобының перспективалық жоспары**  
**2021-2022 оқу жылындағы «Балдәурен» тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі**

<b>Апта күндері</b>	<b>Білім саласы</b>	<b>Оқу қызметі</b>
<b>Дүйсенбі</b>	«Әлеумет» «Таным» «Денсаулық»	Қоршаған ортамен танысу 0,5 Құрастыру 0,5 Дене шынықтыру 1
<b>Сейсенбі</b>	«Қатынас»  «Шығармашылық»	Сөйлеуді дамыту 1 Вариатив:«Бәрін білгім келеді» 1 Музыка 1
<b>Сәрсенбі</b>	«Таным» «Қатынас»  «Денсаулық»	Математика негіздері 1 Көркем әдебиет 0,5 Орыс тілі 0,5 Дене шынықтыру 1
<b>Бейсенбі</b>	«Таным» «Шығармашылық»	Жаратылыстану 1 Жапсыру 0,25 Музыка 0,5 Мүсіндеу 0,25
<b>Жұма</b>	«Шығармашылық» «Денсаулық»	Сурет салу 1 Дене шынықтыру 1

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**«Балдәурен» ТОБЫ 2021 ЖЫЛ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ**

**Өтпелі тақырып «Балабақшада»**

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері- 1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3 Музыка-1,5 Сурет салу -1 Жапсыру -0,25 Мүсіндеу – 0,25	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу -0,5
<p align="center"><b>I апта «Менің балабақшам»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақсаты:</b> Өз балабақшасы туралы әңгімелету. Топ бөлмелері мен топтағы заттарды, заттардың бөлшектерін ажыратып атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Балабақша» (әңгіме құрастыру) <b>Мақсаты:</b> Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыру. Өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біреу, көп, бір –бірден» <b>Мақсаты:</b> заттарды «біреу», «көп», «бір - бірден» түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Бірде-бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Балабақша ауласына саяхат» <b>Мақсаты:</b> Балабақша ауласындағы және маңайындағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды атауға үйрету.</p>	<p><b>Музыка-1</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> « Менің тобымдағы заттар». <b>Мақсаты:</b> Қарындаштармен дәстүрлі тәсілдермен сурет салудың .Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата білуге үйрету. Қол моторикасын дамыту.</p> <p><b>Жапсыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Балабақша ауласындағы көбелектер» <b>Мақсаты :</b> Үлгіге қарап, қағаз бетіне көбелектерді жапсыру. Жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақсаты:</b> Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Балабақша қызметкерлердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу</p>

<p><b>II апта</b> <b>«Менің достарым»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің достарым» <b>Мақсаты:</b> Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Таңертең. Біреу- көп» <b>Мақсаты:</b> Заттарды айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Достарыма арналған үй» <b>Мақсаты:</b> Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің жасыл достарым» <b>Мақсаты:</b> Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауға үйрету. Бөлме гүлдеріне қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Досымның үйі» <b>Мақсаты:</b> Өртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. . Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру.</p>	
---	---	---	--	--	--



<p align="center"><b>III апта</b></p> <p align="center"><b>«Менің сүйікті ойыншық тарым»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p align="center"><b>Педагог жоспары бойынша</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Ойыншықтар дүкені»  <b>Мақсаты:</b>  Мнемотехника әдісі арқылы ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру. Сөздік қорын дамыту.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Ойыншықтар» өлеңі.  Н. Әлімқұлов.  <b>Мақсаты:</b> Ойыншық туралы тақпақтарды түсініп, есте сақтауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Сөредегі ойыншықтар»  <b>Мақсаты:</b> Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>  «Ойыншықтар еліне саяхат»  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұмат беру.</p>	<p align="center"><b>Музыка-1</b>  <b>Педагог жоспары бойынша</b></p> <p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>  «Менің сүйікті ойыншығым»  <b>Мақсаты:</b> Домалақ пішінен доптың суретін салып, ирек сызықпен эшекейлеуді үйрету, суретті қыл қаламен салу және бояу әдіс –тәсілдерін меңгерту.</p> <p align="center"><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>  «Қоян-менің сүйікті ойыншығым»  <b>Мақсаты:</b> Ермексазды домалату, шымшу, жалпайт у тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Саусақ моторикасын дамыту.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Заттар әлемі» (ойыншықтар, ыдыстар)  <b>Мақсаты:</b> Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу.</p>
--	--	---	--	---	--

<p><b>IV апта</b> <b>«Жиһаздар»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үй жиһаздары». <b>Мақсаты:</b> Жиһаздар, тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Заттар тобын салыстыру». <b>Мақсаты:</b> Тең және тең емес заттар тобын салыстыруды, тендікті орнатуды, салыстыру нәтижелерін «көп», «аз», «тең» сөздерімен белгілеуді үйрету.</p> <p><b>Құрастыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Орындық және диван». <b>Мақсаты:</b> Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру Үй жиһаздарына ұқыпты қарауға үйрету.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жиһаздар» <b>Мақсаты:</b> Балаларға жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру. Жиһаздарды күтіп-баптап ұстауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Топтағы шкафтар» <b>Мақсаты.</b> Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуды үйрету</p>	
---	---	--	--	---	--

**Қазан айы, 2021жыл**  
**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**

<p style="text-align: center;"><b>I апта</b></p> <p style="text-align: center;"><b>«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің отбасым» (сурет бойынша әңгіме)  <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.</p> <p style="text-align: center;"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бір үйде біз нешеуіміз?»  <b>Мақсаты:</b> Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату</p>	<p style="text-align: center;"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Әртүрлі заттардың топтарын салыстыру және теңеу».  <b>Мақсаты:</b> Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұрастыру арқылы салыстыруға үйрету.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мол өнім»  <b>Мақсаты:</b> Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту, көкөністер мен жемістерді топтастыра білуге үйрету. Қоршаған табиғатқа қызығушылығын қалыптастыру.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p> <p style="text-align: center;"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің отбасым».  <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жапсыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің үйім»  <b>Мақсаты:</b> Пішіндерді қағаз бетінде орналастыра білуге үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білу дағдыларын дамыту.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қоршаған ортамен танысу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің отбасым».  <b>Мақсаты:</b> Отбасылық суреттерді қарастыру. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға тәрбиелеу</p>
---	---	--	---	---	---

<p><b>II апта</b></p> <p><b>«Менің көшем»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біз тұратын көше» <b>Мақсаты:</b> Байланыстырып сөйлеу дағдыларын үйрету. Дұрыс анық сөйлеу қабілет терін дамыту.</p> <p><b>Орыс тілі</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Атам мен әжем тұратын үйдің ауласындағы» ағаштар <b>Мақсаты:</b> Таныс заттарды биіктігі бойынша салыстыру білігін қалыптастыру .Биік аласа, жуан жіңішке, ұғымдарын түсіндіру.</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біздің көше» (Құрылыс материалдарынан) <b>Мақсаты:</b> Ірі құрылыс материалдарынан көшенің құрылысын жасауға үйрету . Саусақ моторикасын дамыту.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Шуағын шашқан алтын күн» <b>Мақсаты:</b> Күн туралы түсініктерін кеңейту: күннің көзінен жылу мен жарық тарайтындығын бақылау, талдау жасай білуге үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Атам және әжем тұратын үй». <b>Мақсаты:</b> Геометрилық пішін үшбұрыш, шаршыны сала отырып, үйді бейнелеу. Бейнелеу барысында үйдің бөліктерін көлемі бойынша үйлетіру.</p>	
---	---	--	--	---	--

<p><b>Ш апта</b></p> <p><b>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің көшем» Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бағдаршам өлеңі». С.Дүкенбай. <b>Мақсаты:</b> Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйрету. Сөйлеу тілін дамыту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұқсас заттар». <b>Мақсаты:</b> Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді үйрету. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» <b>Мақсаты:</b> Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру. Табиғатты аялауға, қорғауға үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бағдаршам» <b>Мақсаты:</b> Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрден тыс сурет салудың техникасын жетілдіру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Машина» <b>Мақсаты:</b> Әр түрлі машиналар туралы түсінік беру. Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, машина мүсіндеуді үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жолда жүру ережесін сақтайық» <b>Мақсаты:</b> Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол ) туралы түсінік беру.</p>
---	---	---	---	--	--

<p style="text-align: center;"><b>IVапта</b> <b>«Алтын күз»</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жыл мезгілі. Күзгі табиғат»(сурет бойынша әңгімелеу). <b>Мақсаты:</b> Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыруға құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><b>Орыс тілі</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p>	<p style="text-align: center;"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бақтағы жемістер мен көкөністер» . <b>Мақсаты:</b> «Көп», «біреу», «бір-бірден», «бірде - біреуі жоқ» ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету.</p> <p style="text-align: center;"><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b> «Жүзім» <b>Мақсаты:</b> Қағазбен жұмыс жасауға үйрету. Қағаздан дөңгелектер жасау арқылы жүзімді жапсыра алуға баулу. Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> « Алтын күз келді!» <b>Мақсаты:</b> Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райын бақылауды үйрету. Қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p> <p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p> <p style="text-align: center;"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алтын күз»(сюжеттік с/с) <b>Мақсаты:</b> Ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге тәстүрден тыс әдісімен сары жапырақтарды орналастыру.</p>	
---	---	--	---	--	--

**Қараша айы, 2021 жыл**  
**Өтпелі тақырып: Дені саудың – жаны сау**

<p style="text-align: center;"><b>I апта</b> <b>"Өзім туралы"</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мен қандаймын?» <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөйлем құрастырып айту дағдыларын қалыптастыру. Өз өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мен кімін?» <b>Мақсаты:</b> Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігін нығайту, өзін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Математика негіздері.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Оң жақ – сол жақта. Заттарды сәйкестендіру» <b>Мақсаты:</b> Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру. Оң қолы мен сол қолын ажырата алу білігін дамыту; логикалық ойлауын дамыту</p> <p style="text-align: center;"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мен табиғатты бақылай аламын». <b>Мақсаты:</b> Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің, жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ести білуді үйрету. Табиғат құбылысының болу себептері туралы түсінгендерін қалыптастыру. Табиғатқа қамқор болуға баулу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p style="text-align: center;">Педагог жоспары бойынша</p> <p style="text-align: center;"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мен жасай аламын». <b>Мақсаты:</b> Дөңгелек пішінді заттардың суретін салу. Түстерді үйлестіре білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жапсыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің мәшиналарым» <b>Мақсаты:</b> Балаларға геометриялық фигуралардың көмегімен дұрыс орындауды үйрету; тіктөртбұрыш, дөңгелек, сопақша фигураларды дұрыс кию дағдыларын жетілдіру. Жұмысқа қажетті пішінді таңдай білу дағдыларын арттыру.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қоршаған ортамен танысу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мен табиғатты қорғаймын». <b>Мақсаты:</b> Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді суару). Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.</p>
---	---	---	---	---	--

<p><b>II апта</b></p> <p><b>«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Не дәмді?» ертегісі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, таныс ертегілерді сахналауға үйрету.</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Биік, аласа».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа)салыстырып,оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау.Бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жүзім»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Дәрумендер әлеміне саяхат»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Дәмді алмалар»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Дөңгелек пішіндерді түрлі көлемде салуға үйрету. Шығармашылық ойлау, қиялдау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p>	
---	---	--	--	---	--



<p><b>III апта</b></p> <p><b>"Өзіңе және өзгелерге көмектес"</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Күшікке көмек» <b>Мақсаты:</b> Шағын әңгімелерді айтып беруге үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қайырымды болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Екі дос» ертегісі <b>Мақсаты:</b>Ертегінің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету.Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұзын-қысқа» <b>Мақсаты:</b> Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру, ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету.Болатынын түсіндіру.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жыл құстары мен қыстап қалатын құстар» <b>Мақсаты:</b> Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу және атын атай алу, құстардың пайдасы туралы білімді бекіту.Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Торғайға көмектесейік» <b>Мақсаты:</b>Әртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, құстың суретін салуды үйрету.Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Айгүлге көмектесейік» <b>Мақсаты:</b> Қолшатыр туралы түсінік беру. саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Адам еңбегінің нәтижесі» <b>Мақсаты:</b> Ересектердің еңбегін ойын әрекеттерінде көрсете отырып, ересектер мен бірге еңбек әрекеттерін орындауға баулу. Құрдастарына көмек беруге тәрбиелеу.</p>
--	---	---	---	--	---

<p><b>IV апта</b></p> <p><b>«Біз күштіміз, ептіміз»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біз дәрігерде қонақта болдық».</p> <p><b>Мақаты:</b> Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру, құрылған ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Заттардың орналасу орнын анықтау. Шеңбер, сопақша».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету. Әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Құрастыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b> «Үй құрастыру»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Лего ойыншықтарынан үй құрастыру. Балаларды достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жануарларға күтімді қалай жасау қажет?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білуге дағдыландыру. Қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Кесені әшекейлеу»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету. Қыпқаламмен жұмыс істеуді, ой-қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	
---	---	--	--	---	--

**Желтоқсан айы, 2021жыл**  
**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

<p align="center"><b>I апта</b> <b>«Тарихқа саяхат»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b>  Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Менің Отаным».  <b>Мақсаты:</b> Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру. Өз Отанын сүйуге жетелеу.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Отан» жаттау          Е. Өтетілеуұлы  <b>Мақсаты:</b> Тақпақты түсініп, есте сақтауға үйрету. Отан туралы тақпақ жаттату. Тақпақты көрнекі құралдар көмегімен жаттауға үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері.</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Геометриялық пішіндерді топтастыру».  <b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішіндерді пішініне, көлеміне, түстеріне қарай біріктіруге дағдыландыру. Салыстыру және топтастыруға үйрету.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Төрт түлік»  <b>Мақсаты:</b> Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p align="center"><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Күн жарқырады»  <b>Мақсаты:</b> Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйрету. Қарындашты қолдануды үйретуді жалғастыру.</p> <p align="center"><b>Жапсыру.</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Поезд»          (ұжымдық жұмыс)  <b>Мақсаты:</b> Коллаж, жапсыру, бүктеу өнері жайлы түсініктерін бекіту. Түрлі-түсті қағаздардан геометриялық пішіндерді (төртбұрыш, шаршы, дөңгелек) қиып, қағаз бетіне ұқыптап жапсырып, дұрыс орналастыруға үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу.</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Менің Отаным Қазақстан»  <b>Мақсаты:</b> Қазақстан кең-байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу.</p>
---	--	--	--	--	---

<p align="center"><b>II апта</b> «Туған өлкем»</p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Біз тұратын ауыл» <b>Мақсаты:</b> Өздернің ауылы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Сөйлеу тілін дамыту.</p> <p align="center"><b>. Орыс тілі</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы.</b> «Тәулік бөліктері» <b>Мақсаты.</b>Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету</p> <p align="center"><b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Достық үйі» <b>Мақсаты:</b> Конструктор дан ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Бөлшектерді ұқыпты құрастыру. Достыққа тәрбиелеу.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін жабайы аңдар» <b>Мақсаты:</b>Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы қарапайым түсініктер беру, олардың дене бөліктерін ажыратуға үйрету</p>	<p align="center"><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Байтерек» <b>Мақсаты:</b>Түзу, домалақ пішіндерді салуды жетілдіру, бәйтеректің суретін салу және оны бояуға үйрету.</p>	
--	---	---	--	--	--

<p><b>III апта</b> <b>«Астана-Отанымыздың жүрегі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Астана- арман қала» (сурет бойынша әңгімелеу) <b>Мақсаты:</b> Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті қалам-Астана» <b>Мақсаты:</b> Балаларға қала, ауыл және Астана туралы түсініктер беру. Сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алыс, жақын». <b>Мақсаты:</b> Кеңістік ұғымын қалыптастыру (алыс жақын). Шенбер, шаршы үшбұрыш сынды геометриялық фигуралар туралы түсінікті бекіту.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Өсімдіктер» <b>Мақсаты.</b> Туған өлкенің өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, олардың түрлерімен таныстыру.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Пирамида» <b>Мақсаты:</b> Үлгі бойынша пирамиданың суретін салуға үйрету. Бояу түсін тандап, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Әдемілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Автобус» <b>Мақсаты:</b> Балаларға көлік туралы түсінік беру. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобустың мүсінін жасауға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің елім – Қазақстан» <b>Мақсаты:</b> Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Гимн туралы білімін қалыптастыру.</p>
---	---	--	---	---	--

<p><b>IV апта</b></p> <p><b>«Тәуелсіз Қазақстан (ҚР тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Рәміздер» <b>Мақсаты:</b> Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.</p> <p><b>Орыс тілі</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жоғарыда, төменде, сол жағында, оң жағында, астында. Шаршы, тіктөртбұрыш». <b>Мақсаты:</b> Кеңістік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында) туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімін нығайту.</p> <p><b>Құрастыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> « Ауылым» <b>Мақсаты:</b> Конструктор бөлшектерінен қалашық құрастыру. Татулыққа, адамгершілікке тәрбиелеу</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> « Қанатты достар» <b>Мақсаты:</b> Қыстап қалатын құстар мен жыл құстары туралы жинақталған түсініктерін қалыптастыру. Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту.</p>	<p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы.</b> «Ту» <b>Мақсаты:</b> Толқынды және түзу сызықтарды салуды жетілдіру, тудың суретін салуды үйрету .</p>	
---	---	--	---	---	--

**Қаңтар айы, 2022 жыл  
Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

<p align="center"><b>I апта</b></p> <p align="center"><b>"Айналамыздағы өсімдіктер"</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бөлме гүлдері» <b>Мақсаты:</b> Балаларға гүлдер туралы түсінік беру. Олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. Гүлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Шалқан» (орыс халық ертегісі) <b>Мақсаты:</b> Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге және рөлдерді ойнағанда кейіпкерлердің мінездерін бере білуге үйрету</p>	<p><b>Математика негіздері.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Заттарды топтау, бөлу» <b>Мақсаты:</b> Біртекті заттардан топтар құрастыру және оның біреуін топтан бөлуді бекіту.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бөлме өсімдіктері» <b>Мақсаты:</b> Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын қалыптас тыру. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын арттыру. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><b>Музыка</b></p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Гүлдер» <b>Мақсаты:</b> Саусақпен гүлдердің сурет салуды жетілдіру. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p align="center"><b>Жапсыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Гүл» <b>Мақсаты:</b> Төртбұрыштардан дөңгелек пішін киюға үйрету. Бөліктерді ұқыпты желімдеуге дағдыландыру.</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен танысу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Шырша және қайың» <b>Мақсаты:</b> Ағаштар туралы туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып, атауға үйрету</p>
---	---	--	--	---	--

<p align="center"><b>II апта</b></p> <p align="center"><b>«Жануарлар әлемі»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үй жануарлары мен төлдері»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Олардың төлдерін атай білуге үйрету. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p align="center"><b>Орыс тілі.</b></p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көп – аз, тең-теңемес».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көп-аз, артық, тепе-тең ұғымдарын бекіту. Заттардың санына қарай «қанша-сонша», «аз, көп, тең» деген ұғымдарды сөйлеу барысында дұрыс қолдана білуге баулу.</p> <p align="center"><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жануарларға қора жасаймыз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Шығармашылық қиялда дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үй жануарлары мен жабайы аңдар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Үй және жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы, олардың өзіне тән ерекшеліктерін салыстыруға үйрету, жануарлардың тіршілік ету үшін қорек, ауа, су, жылу қажет екендігі туралы түсінік беру</p>	<p align="center"><b>Музыка</b></p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қоян»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дайын қоян сұлбасына аяқтарын, көздерін, құлақтарын, аузын салып жалғастырып, суретін салуға үйрету. Салынған суретті мақталы таяқшаларымен бояу).</p>	
---	---	---	---	--	--



<p><b>III апта</b></p> <p><b>«Құстар-біздің досымыз»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жыл құстары» <b>Мақсаты:</b> Балаларға құстар туралы түсінік беру. Мнемотехника әдісі арқылы құс туралы әнгімелету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Түлкі мен тырна» <b>Мақсаты:</b> Құстар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес өткен таныс шығарманы суреттерден тануға, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Кеністікте бағдарлау: «оң жақта, сол жақта, ортасында». <b>Мақсаты:</b> Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру. Заттардан геометриялық фигураларды табуға үйрету.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үй құстары» <b>Мақсаты:</b> Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшеліктерін ажыратуға үйрету. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Тотықұс» <b>Мақсаты:</b> Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеуге үйрету. Эстетикалық тәрбие беру.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Айдаһар ойыншық» <b>Мақсаты:</b> Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы айдаһар мүсіндеуді үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Құстың ұясы» <b>Мақсаты:</b> Құстар және олардың түрлерімен таныс тыруды жалғас тыру. Құстың уялары туралы түсінік беру.</p>
--	---	---	---	---	--

<p><b>IV апта</b> <b>«Ғажайып қыс»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қыс келді» <b>Мақсаты:</b> Қыстағы табиғат көрінісі мен адамдардың киімдері туралы әңгімелесу. Мнемотехника әдісін қолдану.</p> <p><b>Орыс тілі</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Заттың көлемі не санның тәуелсіздігі. Реттік санау. «Кен», «тарлау» «тар», «өте тар» ұғымдарын пысықтау. <b>Мақсаты:</b> Реттік санауды жалғастыру. Заттарды еніне қарай салыстыруға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табуға және сол белгілері бойынша топтастыруға үйрету.</p> <p><b>Құрастыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қар және аққала» <b>Мақсаты:</b> қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, жырту, умаждау тәсілдері арқылы қағаздан көлемді пішіндер жасай алуға үйрету.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қар қасиетімен танысу». <b>Мақсаты:</b> Қардың бақылау, оның ақ және үлпілдек екенін көрсету, қардың қасиетімен таныстыру.</p>	<p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Аққала» <b>Мақсаты:</b> Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға машықтандыру. Қажетті құрал жабдықтармен дұрыс жұмыс жасауға үйрету.</p>	
--	---	--	---	---	--

**Ақпан айы, 2022 жыл  
Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

<p align="center"><b>I апта</b></p> <p align="center"><b>«Ғажайыптар әлемі» (Өлі табиғат құбылыстары)</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мөлдіреген аппақ қыс» (сурет бойынша әңгіме) <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгімелегуді жалғастыру. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көңілді қыс» өлеңі Ш.Мұхамеджанов <b>Мақсаты:</b> Тақырыпқа сәйкес қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Кеше, бүгін, ертең. Шар, текше».</p> <p><b>Мақсаты:</b> «Кеше», «бүгін», «ертең» түсініктерін айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біздің өлкеге қыс келді»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. Өр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p>	<p align="center"><b>Музыка</b></p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қардың бейнесін салу».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Түстердің үйлесімдігіне назар аударуды үйрету. Таяқшаларды пайдаланып қар салуды үйрету.</p> <p align="center"><b>Жапсыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Балық»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Желімді қылқаламға, дайын үлгіге мұқият жағуды жетілдіру, балықтың қабыршақтарын арақашықтықты сақтап жапсыруды үйрету</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> <b>Мақсаты:</b> «Мұздың қасиеті» <b>Мақсаты:</b> Судың қасиеттерінің бірі - судың мұзға және мұздың суға айналуын бақылау Мұзға тәжірибе жұмысын жасау арқылы танымдық белсенділерін дамыту .</p>
---	---	--	--	---	--

<p align="center"><b>II апта</b> <b>«Көліктер»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көліктер» <b>Мақсаты:</b> Көліктің түрлерімен таныстыру, олардың бөліктерін ажыратуға және атай білуге дағдыландыру, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.</p> <p align="center"><b>Орыс тілі</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жоғары-төмен, алыс-жақын». <b>Мақсаты:</b> Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: жоғары-төмен, алыс-жақын, ажырата білуді үйрету</p> <p><b>Құрастыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жүк көлігі» <b>Мақсаты:</b> Құрастыру материалдарынан жүк машинасын құрастыруды үйрету; құрастыруға арналған материалдарды дұрыс пайдалана білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көліктер» <b>Мақсаты:</b> Көліктерді салыстырып, ортақ белгілер мен айырмашылықтарын тауып көшеде жол ережесін сақтай білуге үйрету. Жүк көлігі және оның маңызы туралы ұғым қалыптастыру</p>	<p align="center"><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b> Сурет салу. <b>Тақырыбы:</b> «Түрлі-түсті көліктер». <b>Мақсаты:</b> Салынған көліктердің пішіндерін мақталы таяқшалармен бояуға үйрету</p>	
--	---	--	---	---	--

<p><b>III апта</b> <b>«Электроника алемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Электротехникалық тұрмыстық заттар» <b>Мақсаты:</b> Электр құралдарымен таныстыру, ол заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтастыруға үйрету. Олардың қолданысын түсіндіру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Тоңазытқыш» <b>Мақсаты:</b> Тоңазытқыш туралы түсінік беру. Электроникаға қатысты жұмбақтарды шешуге үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Әртүрлі заттар тобын салыстыру» <b>Мақсаты:</b> Түрлі заттар тобын қатар қою, үстіне қою арқылы көлемі, саны бойынша салыстыру. Заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», теңбе- тең», «үлкен», «кіші» терминдерін пайдалануға баулу</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Аквариум дағы балықтар» <b>Мақсаты:</b> Аквариумдағы балықтардың тіршілігімен таныстыру. Балық туралы білімдерін жүйелеп терендету.</p>	<p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Теледидар» <b>Мақсаты:</b> Шаршы пішінді заттардың суретін салуды үйрету. <b>Шығармашылық</b> қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Велосипед» <b>Мақсаты:</b> Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы велосипед мүсіндеуге үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Байланыс қызметі» <b>Мақсаты:</b> Байланыс қызметі түрлерімен таныстырып, олардың атауларын менгерту. Адамдардың пайдалы іс- әрекеттерін бағалап, оған құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>
---	--	---	---	--	---

<p><b>IV апта</b></p> <p><b>«Мамандықтың бәрі жақсы»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мамандықтың бәрі жақсы» <b>(сурет бойынша әңгіме)</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> . Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздік қорларын байыту. Мамандық (тәрбиеші, мұғалім, дәрігер) иелерімен таныстыру</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Сол жақ – оң жақ». «Дөңгелек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Оң жағы мен сол жағын ажырата алу білігін бекітуді жалғастыру; шеңбер – геометриялық пішіні туралы білімдерін нақтылау</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үлкен үй» (ұжымдық жұмыс)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ірі және ұсақ құрылыс материалдарын қолданып үлкен үйдің құрылысын құрастыруға үйрету (ұжымды жұмыс)</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Су қасиетімен танысу»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өлі табиғат құбылысы су туралы түсініктерін кеңейту: түсі, мөлдірлігі, төгіледі және т.б., адамдарға, өсімдіктерге, жануарларға судың қажеттілігі туралы түсінік беру.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Сәнді көйлек»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мамандықтың түрлерімен таныстыру (тігінші). Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мөр таңбалармен, қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастырып, балалардың эстетикалық талғамын дамыту.</p>	
--	---	---	--	---	--

**Наурыз айы, 2022 жыл  
Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»**

<p align="center"><b>I апта</b></p> <p align="center"><b>«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қонақ күту».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, жұмбақ шешкізу, жаңылпаштарды жатқа айтқызу. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бесік жыры»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бесік жырын тыңдату халық өлеңдерінің ырғағы мен ұйқасын білуге үйрету.</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұзын – қысқа. Біркелкі заттар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы бойынша салыстыра білуді бекіту; біркелкі заттарды санау және алуға үйретуді жалғастыру.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жабайы аңдар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жабайы аңдар мен Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін аңдар туралы ұғымдарды қалыптастыру. Жануарларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Кілемшені әшекейлейік»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементерімен әшекейлей білу дағдыларын қалыптастыру. «Ирек ою» өрнегімен әшекейлеуді үйрету.</p> <p align="center"><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Кірпі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Кірпі тіршілігімен танысу. Оның басқа аңдардан ерекшелігін түсіндіру. қайшымен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасын естеріне салу, ұқыптылыққа дағдыландыру.</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Әдемі қазақ үй»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен таныстыру.</p>
---	--	---	--	--	--

<p><b>II апта</b></p> <p><b>«Ертегілер елінде. Театр әлемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті ертегім» <b>Мақсаты:</b> Балаларға таныс ертегілерді тыңдатып, өздерін рөлдерге бөліп ойнату, ондағы кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйрету.</p> <p><b>Орыс тілі</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен». <b>Мақсаты:</b> Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, биік-аласа ажырата білуді жетілдіру</p> <p><b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Сықырлы зәулім үй» <b>Мақсаты:</b> Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Орман тұрғындары» <b>Мақсаты:</b> Жабайы жануарлардың (түлкі, қасқыр, тиін) сыртқы белгілері мен әрекеттері туралы білімдерін бекіту.</p>	<p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ертегі кейіпкерлері» <b>Мақсаты:</b> Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін өз қалаулары бойынша салуға дағдыландыру. Мазмұнды композиция салу дағдыларын дамыту.</p>	
---	--------------------------------	--	--	---	--



<p>Ш апта</p> <p>«Өнер көзі-халықта»</p>	<p>Дене шынықтыру-3</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p><b>Тақырыбы</b> «Ұлттық жиһаздар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қолдан жасалған қазақтың ұлттық жиһазы сандық жайлы білімдерін тереңдету. Қазақ халқының сәндік қолтаңбалы өнерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бес саусақ өлеңі».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тақырыпқа сәйкес халық өлеңінің ырғағы мен ұйқасын бере білуге үйрету</p>	<p>ҚМҰҚ</p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жалпақ – жіңішке. Заттарды белгісі бойынша салыстыру»</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттарды ені бойынша салыстыру және бірдейін табу білігін бекітуді жалғастыру; «жалпақ», «жіңішке», «ені бойынша бірдей» сөздерін қолдануға баулу; түсі және белгісі бойынша бірдей заттарды табуға үйрет</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті үй жануарларым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Төрт түлік туралы түсініктерін кеңейту, оның жүнінен жасалған заттарды қарау арқылы, жылы, жұмсақ болатынын бақылау</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Оюланған кесе»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Кесенің сыртындағы ою өрнекті бояуға үйрету. Қазақтың ұлттық ою-өрнекткерімен таныстыру. Ұқышты бояуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көңілді маймылдар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, қамырдан мүсіндеу. Біріктіру білігін жетілдіру.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұлттық киімдер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұлттық киім түрлерімен таныстыру. олардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра отырып, қазіргі киім түрлерімен салыстыра білуге, әңгімелеп беруге үйрету.</p>
--	-------------------------	--	---	--	--

<p><b>IVапта</b></p> <p><b>«Нұр төккен, гүл көктем»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Көктем келді».  <b>Мақсаты:</b> Мнемотехника әдісі арқылы көктемгі табиғат құбылыстары туралы әңгімелету. Сөздік қорларын дамыту.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Алыс – жақын. Биік – аласа. Сол жақ – оң жақ».  <b>Мақсаты:</b>Өзінің айналасындағы заттарды кеңістікте бағдарлану білігін бекітуді жалғастыру (алыс – жақын, биік-аласа , оң жақ – сол жақ);</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Көктемгі табиғат»  <b>Мақсаты:</b>Көктемгі табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Құрастыру.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Көбелектер»  <b>Мақсаты:</b> Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып көбелек құрастыру.</p>	<p><b>Музыка</b>  Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Музыка</b>  Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Ағаштар бүршік жарды»  <b>Мақсаты:</b> Қылқаламмен сурет салуды жетілдіру, көктемгі ағаштың суретін салуды үйрету</p>	
---	---	--	--	--	--